

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы**

ПӘННІҢ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ
КУа1 1103 Қазақ тілі (Лексика, тыңдалым)

Семестр – 2
Кредит саны – 8
Сағат саны – 5


Алматы 2025

Оқу жоспары негізінде жасалынды.

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған: аға оқытушы Саткенова Ж.Б.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«04» 12. 2025ж. № 4 Хаттама

Кафедра меңгерушісі  Н.Б. Тәуекелов

КІРІСПЕ

«Қазақ тілі» оқу курсы барысында шетелден келген қандас тыңдаушылардың пән деген қызығушылығы оятып мен функциональдық сауаттылығын қалыптастырып және дамытады. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жүйелі түрде буынға ұластырып, одан орфография мен орфоэпия заңдылықтарының қағидаларын меңгереді, оқу және қажет болған жағдайда ресми-іскери қарым-қатынаста сөйлесе білуге, оған тән ерекшеліктерді жүйелі түрде қабылдай алу, түсіну алу дағдыларын меңгертуді. Өртүрлі тілдік жағдаятта қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға қабілетті болады. Қазақ тілі грамматикасын меңгертуге дағдыландырады, лексикалық сөздік қорын дамыта отырып функциональдық сауаттылық дағдысын қалыптастырады. Оқу үдерісінде мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыланады, мәтінге сұрақ қоя білуді үйренеді, мәтіннен негізгі идеяны тауып, мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыланады, мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге, мәтіннің мазмұны мен құрылымына қатысты берілген тест тапсырмаларын орындайды, алған білімін практикада қолдануға, жазбаша шығармаларды, эссе жазуға дағдыланады. Грамматикалық талдау дағдысын дамыта отырып, сауатты әрі көркем жаза алады. Сонымен қатар әр білім алушының индивидуалдық қабілеттеріне назар аударылып, тыңдаушының өзіндік жеке білім дамыту жобасы бойынша ізденуі қарастырылады.

«Қазақ тілі» (Тілдік бағдар: Фонетика, Лексика, Грамматика, Оқылым, Айтылым, Жазылым, Тыңдалым. Мәтін, мәтінмен жұмыс.) курсының оқытудың мақсаты:

Қандас тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындарына оқуға түсу үшін оқу сауаттылығы пәні бойынша кешенді тест сынағын тапсыруға дайындау «Қазақ тілі» (Тілдік бағдар: Фонетика, Лексика, Грамматика, Оқылым, Айтылым, Жазылым, Тыңдалым. Мәтін, мәтінмен жұмыс.) курсының оқытудың міндеттері:

Білім алушы бойындағы шығармашылық қабілеттерді ашып және оны дамыта алады;
Мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алуға дағдыландыру;

- Түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстыра алады, рефлексия жасап ой қорыта алу дағдысын қалыптастыру.

- Теориялық ережелерді мәтін мазмұнынан екшей отырып, жинақтау, түсіндіру, нәтижені сұрыптау үдерістерін жүзеге асыра алады меңгерту;

- Оқу барысында нақты шешімдер қабылдай білу, презентациялар жасап, ой түйіндеуге қабілетті бола алу қасиетін дамыту;

- Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алуға үйрету;

Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алу секілді тілдік қарым-қатынас әрекетін дамыту;

- Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алуға дағдыландыру;

- Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады игерту;

- Мәтінмен дұрыс жұмыс жасау дағдыларын меңгерту және теориялық білім дағдыларын тәжірибеде дұрыс қолдана алу машықтарын қалыптастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ауызша емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптар
Емтихан форматы-синхронды.
Ауызша емтихан өткізіледі: офлайн (бетке-бет жүздесу)
Емтиханның өткізілуін бақылау: оқытушы және емтихандық комиссия.
Ұзақтығы:
Дайындық уақыты – 20 минут.
Жауап беру уақыты - 15 минут.

Тыңдаушылар

Емтихан басталар алдында келесілерді орындауы керек:
өзімен бірге алып кіретін жеке басын куәландыратын құжатты дайындап қоюы қажет;
байланыс телефонның өшіруі және емтиханға кіргенде комиссияға өткізуі керек;
емтихан тапсыруға кіргеннен кейін емтихан сұрақтарына толықтай жауап беріп
болмайынша аудиториядан шығып кетуге рұқсат етілмейтіндіктен барлық қажеттіктерін
(су алып кіру, дәрі ішу, т.с.с.) орындауы керек;
Емтихан басталған кезде комиссия шақырған тыңдаушы өзінің жеке куәлігін көрсетеді.
Тыңдаушылар емтихан билетін таңдау арқылы алады. Емтихан сұрақтары (билеттер) қағаз
нұсқасында даярланады. Тыңдаушыларға емтихан сұрақтарына дайындалу үшін қажет
болса таза ақ парақтар беріледі, яғни өзімен берге парақтар, қағаздар алып кіруге
болмайды. Емтихан сұрақтарына дайындалуға 20 минут беріледі.
Емтихан сұрақтарына дайындалуда шпаргалка, қандай-да болмасын байланыс
құралдарын, т.с.с. көмекші құралдарды пайдалануға, басқа тұлғамен байланыс жасауға
(сөйлесуге, сұрауға) тиым салынады. Емтихан қабылдаушыға бір ғана жағдайда жүгінуге
болады: емтихан сұрағы түсініксіз болса, соны нақтылау үшін, грамматикалық қателіктер
орын алса.
Емтихан өткізілуі барысында аудиториядан шығып кетуге болмайды.
Емтихан сұрақтарына жауап беру үшін әрбір тыңдаушыға 15 минут уақыт беріледі. Жауап
емтихан билетінде көрсетілген сұраққа қатысты болуы керек.
Жауап беріп болған соң тыңдаушы емтихан залынан шығады. Емтихан нәтижесі
шығарылып, оны тыңдаушыларға естірту үшін емтихан залына шақырғанға дейін олардың
емтихан залына кіріп-шығуына рұқсат етілмейді.
Жауапты бағалау критерийлері:
жауаптың анықтығы, нақтылығы;
жауаптың түсінікті қарапайым тілмен баяндалуы;
жауаптың толықтығы;
жауап беруде қажет болған жағдайда тиісті құқықтық актінің нормасына сүйенуі,
жауабын құқықтық норманы пайдалану арқылы негіздеуі
сұрақ бойынша жеке өзіндік пікірінің, көзқарасының болуы

Білім алушы ағымдағы (АБ1 және АБ) және қорытынды бақылаудан (ҚБ) оң баға
алған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға: Қорытынды баға= (АБ1 және
АБ2)/3x0,6+(ҚБx0,4) Формуласы бойынша есептеледі.

Тыңдаушылардың оқу жетістіктері сандық эквиваленті бар халықаралық деңгейде
қабылданған әріптік жүйеге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан

төмен қарай «D»-ға дейін (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша белгіленеді. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

«FX» (25-49) белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей, осы баға алынған аралық аттестациядан кейінгі «Incomplete» кезеңінде ақылы түрде қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады.

«FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жоспарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

«FX», «F» бағасымен емтиханды қайта тапсыру ақылы негізде бір рет қана рұқсат етіледі.

Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX», «F» бағасын алса немесе емтихан тапсыруға келмесе, онда ақылы негізде пән бойынша оқу сабақтарының барлық түріне қайтадан қатысады, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F		0-24	

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

Тақырып 1. Морфология. Сөз табы.

Тілдік бағдар: Зат есім.

Зат есімнің түрлері. Туынды зат есім мен күрделі зат есімнің жасалу жолдары.

Дара және күрделі зат есімдер. Күрделі зат есімнің көп құрамдылығы.

Деректі және дерексіз зат есімдердің құрылымдық түрленуін мәтін бөлімдерінен табу. Мәтін мазмұнындағы дара зат есімдер мен күрделі зат есімдердің қызметін ерекшелеу.

Тақырып 2. Мәтіннің құрылымы

Тілдік бағдар: Сын есім: Негізгі, туынды сын есімдер. Олардың жасалу жолдарындағы көкейкестілік. Сын түрлеріне тоқтала отырып, оларды мәтін арқылы баяндап, жеке сөйлемдерді жазып көрсету.

Сапалық, қатыстық сын есімдерді мәтін мазмұны арқылы талдап, сөйлемдегі ой тиянақтауға әсерін оқшаулап беру.

Тақырып 3. Мәтіннің түрлері. Өңгімелеу, сипаттау, пайымдау.

Тілдік бағдар: Сан есім.

Сан есімнің түрлері, олардың жасалу жолдары. Мәтін мазмұнындағы сан есімнің түрлерін ажырату. Есептік, реттік, жинақтық сан есімдерді мәтіннен тауып, жасалу жолдарын түсіндіру.

Тақырып 4. Есімдік.

Мәтін бойынша тапсырмалар. Тілдік бағдар: Есім сөздердің: зат есім, сын есім, сан есімнің орнына қолданылып, соларды нұсқап, меңзеп, сілтеп көрсетеді. Есімдіктер орынбасар сөздер деп те аталады. Есім сөздердің мәтінде алатын орны.

Тақырып 5. Мәтіннің негізгі ойы туралы жалпы сипат.

Етістік. Тілдік бағдар: Етістіктің ерекшеліктері.

Түбір және туынды етістік. Туынды етістіктердің жасалу жолдары. Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың етіс түріне қатыстылығы.

Дара және күрделі етістіктер. Күрделі етістіктің көп құрамдылығы. Біріккен етістіктер.

Болымды және болымсыз етістіктер. Тұйық етістік, ерекшелігі /қимыл есімі/ Етістіктің құрылымдық түрленуін мәтін бөлімдерінен табу. Мәтін мазмұнындағы қалып етістіктердің қызметін ерекшелеу.

Тақырып 6. Мәтіндегі ой бөліктері.

Тілдік бағдар: Етістер: өздік етіс, өзгелік етіс. Олардың жасалу жолдарындағы көкейкестілік. Қимыл иесінің тұлғалану үдерісін мәтін арқылы баяндап, жеке сөйлемдерді жазып көрсету. Ырықсыз етіс пен ортақ етіс. Ырықсыз етіске тән басты белгі. Ортақ етіс қалпында түбірге айналған етістіктер. Келер шақ есімше және түрлері.

Көсемше түрлері. Етістіктің негізгі екі формасын мәтін мазмұны арқылы талдап, сөйлемдегі ой тиянақтауға әсерін оқшаулап беру. Көсемше формалы етістіктің үшінші жақта жіктелуіне назар аудартып, көсемшелік сипатты ерекшелеу

Тақырып 7. Оқылым. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану.

Тілдік бағдар: Есімше ерекшелігі, түрлері, өткен шақ есімше.

Келер шақ есімше және түрлері. Етістіктің шақтары. Шақтардың жасалу жолдары. Мәтін мазмұнындағы шақ түрлерін ажырату. Мәтіннен алынған сөйлемдерді шақ түрлеріне өзгерту. Етістіктің райлары. Ашық және бұйрық рай. Түбір күйіндегі етістіктердегі рай түрі. Сұрақ қойылмайтын негізгі етістіктер. Оларды мәтін бойынша табу. Қалау және шартты райлар. Қалау райлы сөйлемдердің жақсыз болуы. Шартты райлы етістіктің тиянақсыз баяндауыштық сипаты. Етістіктің сөйлемдегі қызметі. Есімше тұлғалы етістіктердің сөйлем мүшесі болудағы белсенділігі. Көсемше тұлғалы етістіктердің сөйлем құрамындағы орны.

Тақырып 8. Айтылым, жазылым стратегиялары.

Үстеу. Тілдік бағдар: Негізгі және туынды үстеулер. Туынды үстеудің жасалуы. Үстеу қызмет жасайтын сөз таптары. Үстеулердің мағыналық түрленуі. Етістікке тікелей қызмет

көрсете алмайтын үстеу түрі. Мәтін құрамындағы үстеулердің қолданылу жиілігі. Үстеулердің сөйлемдегі басты қызметі. Мәтін бойынша тапсырмалар

Тақырып 9. Мәтіннің негізгі ойы туралы жалпы сипат.

Негізгі ойды түсіндіру тәсілдері. Тілдік бағдар: Шылау сөздер. Түрлері. Септеулік шылаулар, ерекшеліктері, түрлері. Жалғаулық шылау, ерекшелігі, түрлері. Демеулік шылау, ерекшелігі, түрлері. Мәтін мазмұнындағы шылаулардың шылау түрлерінің қолданылу қызметі. Шылаулардың емлесі. Шылаулардың жұрнақ пен жалғауға түрленуі. Еліктеуіш сөздер. Дыбыстық еліктеуіштер, олардан жасалатын сөз таптары. Еліктеуіш сөздердің кезеңдік құбылысы. Еліктірмейтін еліктеуіштер.

Тақырып 10. Мәтіндегі ой бөліктері.

Тілдік бағдар: Бейнелеуіш сөздер. Ережеден тыс бейнелеуіштер. Еліктеуіштердің сөйлемдегі қызметі. Одағай сөздер, ерекшеліктері. Одағайдың түрлері. Одағайдың тыныс белгісі. Жекіру одағайдың тапшылығы. Одағайлардың варианттылығы. Модаль сөздер, ерекшелігі. Модаль сөзді баяндауыштар. Олардың мәтіндегі ой тұжырымдау сипаты.

Ресми іс-қағаздар стилінде жазылған мәтінге талдау

Тақырып 11. Сөз тіркесі.

Тілдік бағдар: Жай сөйлемнің түрлері. Жақты және жақсыз сөйлемдер. Жалаң және жайылма сөйлемдер. Толымды және толымсыз сөйлемдер. Мәтін бойынша жай сөйлемдерді түрлендіру.

Тақырып 12. Сөйлем мүшелері.

Баяндауыш, ерекшелігі. Есім баяндауыш, етістікті баяндауыш. Дара және күрделі баяндауыштар. Сұрақ қойылмайтын баяндауыштар. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша. Бастауыш пен баяндауыштың жақтық байланысы.

Тақырып 13. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш, толықтауыш болатын сөз таптары. Тілдік бағдар: Тура және жанама толықтауыштар. Мәтіндегі шылау арқылы байланысқан сөз тіркесі сыңарларының толықтауыштық қызметі. Пысықтауыш, пысықтауыш болатын сөз таптары. Пысықтауыштың түрлері. Анықтауыш, анықтауыш болатын сөз таптары, түрлері, ережелері. Мәтіндегі тұрлаусыз мүшелердің қолданылу жиілігі.

Айқындауыш мүшелер, түрлері. Айқындауыш тың емлесі.

Тақырып 14. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Жалпылауыш сөздер, тыныс белгілері.

Тілдік бағдар: Синтаксистік талдау үлгілері. Сөйлем мүшелеріне жатпайтын сөздер, олардың сипаты. Оқшау сөздер. Одағай сөздердің тыныс белгілері. Қыстырма сөздер, олардың сөйлемдегі қызметі. Қаратпа сөздер, тыныс белгілері

Тақырып 15. Бұйрықты, лепті сөйлемдердің ерекшеліктері. Формасы бұйрықты, мақсаты лепті сөйлемдер.

Тілдік бағдар: Сөйлем және оның тыныс белгілері. Тыныс белгі мен интонация. Қос тыныс белгі қойылатын тұстар. Сөйлем мүшелері. Дара және күрделі мүшелер. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер. Сөйлем мүшелеріне ортақ белгілер. Бастауыш, сұрақтары, белгілері. Дара және күрделі бастауыш. Бастауыш болатын сөз таптары.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

Оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Исаев С.М., Қазақ тілі, Алматы – 2007;
2. Сауранбаев Н., Қазақ тілі, Алматы – 2000;
3. Салқынбай А., Қазіргі қазақ тілі, Алматы -2003;

4. Сағындықұлы Б., Қазіргі қазақ тілі. Лексикология, Алматы-2003;
5. Жүнісбек Ә., Қазақ фонетикасы, Алматы- 2009;
7. Қадырқұлов Қ.Ш., Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы «Қазақ университеті», 2018;
8. Наралиева Р.Т., Тойғанбекова М.Ш. Сұлтанова Б.М., Оқу сауаттылығы. Алматы «Қазақ университеті», 2019;

Қосымша әдебиеттер:

1. Жұбанов К., Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы – 2010;
2. Томанов М., Тіл тарихы туралы зерттеулер, Алматы – 2002;
3. Х.М. Кәрім, Диалектология мен қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері, Алматы – 2001;
4. Кеңесбаев І., Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы-1971;
5. Синонимдер сөздігі, Алматы – 2007.

Ғаламтор ресурстары:

1. kz.testing.kz;
2. https://ziatker.kz/docx/oqy_sayattylygy_boiynsa_test_suraqtary_27263.html ;
3. https://testcenter.kz/upload/iblock/d2d/o_u-sauattyly_y.pdf;
4. bilimland.kz сайты.

Емтихан сұрақтарын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Ауызша емтиханның мақсаты: пәнді оқу барысында қол жеткізілген оқу нәтижелерін көрсету; қалыптасқан дағдылар мен құзыреттіліктер; өз ойларын ауызша жеткізе білу, өз жауабын дәлелдей білу.

Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 6 сұрақ бар. Олардың алғашқы үшеуі когнитивтік, екеуі функционалды, біреуі жүйелік компетенцияларды құрайды.

Билеттің бірінші сұрағы (когнитивтік): грамматикалық тапсырманы орындау кезінде зерттелген лексика-грамматикалық материалды білу және меңгеру. Білім алушы:

1. Ұсынылған сөздер тізімінен баяндау сөйлемдерін жасайды.
2. Осы шақта берілген монологиялық мәлімдемені оқып, оны өткен шақта өзгертеді.
3. Қою етістігін қажетті формада қолданады.

Билеттің екінші сұрағы (когнитивтік):

1. Төмендегі сөйлемдерді етістіктің түрлерімен оқиды және түрлендіреді.
2. Төмендегі сөздерден баяндау сөйлемдерін құрастырады.
3. Аудару етістігін қажетті формада қолданады.
4. Сөйлемдерді аяқтай алады.
5. Қажетті сөздерді енгізу арқылы сөйлемдерді оқиды.

Билеттің үшінші сұрағы (когнитивтік):

1. Сөйлемнің астындағы деректерді оқып, жекеше түрдегі сөздерді көпше түрімен ауыстыра алады.
2. «Себебі» одағымен берілген сөйлемдерді "сондықтан" одағына түрлендіреді.

3. Қажетті сөздерді енгізу арқылы сөйлемдерді оқиды.
4. Сөйлемнің астындағы деректерді оқып, жекеше түрдегі сөздерді көпше түрімен ауыстырады.
5. Қарапайым сөйлемді күрделі сөйлемге айналдыра алады.

Билеттің төртінші сұрағы (функционалды):

1. Төмендегі сөздермен сөйлемдер жасай алады.
2. Сөйлемдерді аяқтай алады.
3. Сөйлемнің астындағы деректерді оқып, жекеше түрдегі сөздерді көпше түрімен ауыстырады.
4. Қарапайым сөйлемді күрделі сөйлемге айналдыра алады.
5. Төмендегі сөздермен сөйлемдер жасай алады.
6. Сөйлемдерді аяқтай алады.

Билеттің бесінші сұрағы (функционалды):

1. Дара және күрделі етістіктердің сөйлем құраудағы қызметі анықтай алады.
2. Шақтар мен рай арқылы ойды тиянақтай алады.
3. Студент сөйлем ішінде әр сөз табын (зат есім, етістік, сын есім) атап, олардың қызметін түсіндіре алады.
4. Қарапайым сөйлемді күрделі сөйлемге айналдыра алады.
5. Сөйлем мүшелерінің өзара байланысын ажырата алады.
6. Сөйлемнің түрлері мен олардың грамматикалық ерекшеліктерін еркін айта алады.

Билеттің бірінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (когнитивті):

1. Керекті сөздерді қойып келесі сөйлемдерді оқыңыз
2. Олар театрдың _____ орналасқан, саябақ _____ барады.
3. Кітап шкаф _____ сөре _____ тұр.

Билеттің екінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (когнитивті):

1. Берілген сөздер арқылы олардың қайда болғаны туралы айтыңыз: кітапхана, университет, әуежай, аурухана, базар

Сөйлеу, тыңдау, оқу сөздерін түрлендір:

Мен

Сіз

Айдар

Олар

Билеттің үшінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (когнитивті):

1. Тұру етістігін түрлендір

Ол Қазақстанда

Сіз Америкада

Мен Кореяда

Сен Ауғанстан

Сіздер Иран

2. Сөздерді тыңдаңыз көп болса, қалай атайсыз

Мынау, қолшатыр, гүл, дәрісхана, оқулық

Билеттің төртінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (функционалды):

Мағынасы сәйкес сөйлемді табыңыз

- | | |
|--|----------------------------------|
| 1. Арман кеше кітапханаға барып кітап алды | 1. Ертең жылы киінемін |
| 2. Мұғалім үйге көп тапсырма берді | 2. Келесі апта қонаққа барамын |
| 3. Мен жаңа қойылымға билет алдым | 3. Бүгін кітап оқиды |
| 4. Мен қызыл әдемі көйлек сатып алдым | 4. Ертең сабақ сұрайды |
| 5. Түнде ауа райы суық болды | 5. Жексенбі күні театрға барамын |

Қалай ойлайсыз? Неге?

Сізге қандай адамдар ұнайды? Неге?

Адам бойындағы ең жаман қасиет? Неге?

Адам бойындағы жақсы қасиет? Неге?

Билеттің бесінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (функционалды):

1. Берілген сөйлемдердің түрін анықтаныз және грамматикалық ерекшелігін түсіндіріңіз:

Сен бүгін сабаққа келдің бе?

Қандай тамаша күн!

Ертең емтихан болады.

Сабақты мұқият оқыңыз.

2. Талдау: Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді ажыратыңыз.

3. Жақты/жаксыз, жалаң/жайылма екенін айтыңыз.

Емтихан өткізу рәсімі.

1. Стандартты ауызша офлайн емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
2. Ауызша офлайн емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушыларды тексереді, білім алушыларды белгіленген орындарына отырғызады.
3. Бөгде адамның ауызша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.
4. Кешігіп келген білім алушыларға емтихан тапсыруға рұқсат берілмейді.
5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
6. Дайындыққа 20 минут, жауапқа 15 минут уақыт беріледі.
7. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.
8. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасы ретінде бағаланады.

9. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.
10. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
КОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АЙДАРЫ
(стандартты ауызша формасы үшін) Платформа: Univer жүйесінде офлайн

Критерий	1-сұрақ		10 балл	
Когнитивті 1	10-7	3-7	0-3	0-5
Зат есімдердің, сын есімдердің, жеке, иелік және демонстрациялық есімдіктердің септік жүйесін жекеше және көше түрде қалай дұрыс қолдану керектігін біледі	Қарым-қатынас жағдайлары мен қарым-қатынас максаттарына сәйкес ауызша және жазбаша тілде дұрыс қолдану дағдылары бар екенін көрсетеді	Шектеулі көлемде ауызша және жазбаша тілде сөзжасам және сөзжасам дағдыларын білетіндігін көрсетеді	Тілдің лексика жүйелері мен ережелерін әлсіз білетіндігін көрсетеді	Лексикасының жүйесімен ережелерін өте нашар білетіндігін көрсетеді
Когнитивті 2	2-сұрақ		10-балл	
	10-7	3-7	0-3	0-5
Ұсынылған сөз тіркестерін, мәлімдемелерді, мәтіндерді грамматикалық тұрғыдан түсінуді біледі; ПП-ны СПП-ға айналдыра алады	Берілген көлемдегі лексиканы толық білу; грамматикалық формаларды қолдана білу	Шектеулі көлемде Қателіктері бар грамматикалық формаларды қолдану мүмкіндігі	Кішігірім қателіктері бар грамматикалық формаларды қолдана білу әлсіз білім көрсетеді	Лексика мен сөз тіркестерін өте нашар білетіндігін көрсетеді
Когнитивті 3	3-сұрақ		10-балл	
Когнитивті №3.	10-7	3-7	0-3	0-5
Мәтінді оқи алады, ең бастысы, сұрақ-жауап үшін лексиканы қолдана алады	Дыбыстар мен буындарды бұрмалаусыз, өткізіп жіберусіз және ауыстырусыз, сөздерді қайталамай, стрессті дұрыс	Жақсы фонетикалық және интонациялық тұрғыдан дұрыс оқуды көрсетеді	Кейбір кемшіліктері бар оқу техникасын көрсетеді және сұрақтар мен Жауаптар үшін лексиканы қолданады	Оқу дағдылары туралы білім қалыптаспағандығын көрсетеді

	қоюсыз еркін оқуды көрсетеді			
Функционалды 1	4-сұрақ		20 балл	
	15-20	10-15	5-10	0-5
Оқылған диалогтық немесе монологиялық мәлімдеме бойынша сұрақтарды тұжырымдай алады және сұрақтарға жауап бере алады	Әдеби айтылымның негізгі ережелерін сақтауды, оқудың мазмұнын түсінуді көрсетеді.	Екпіннің дұрыс қойылуын, оқылған мазмұнын түсінуді жақсы көрсетеді.	Оқудың нашар түсінігін көрсетеді	Оқылған мазмұнның түсінбеушілігін көрсетеді.
Функционалды 2	5-сұрақ		25 балл	
	20-25	15-20	10-15	0-10
Функционалды №5. Тілдің грамматикалық нормаларын сақтай отырып, өз ойын білдіре алады	Тілдің грамматикасы, лексикасы және өз ойын А2 /В1/ В2 деңгейлерінде білдіру бойынша тамаша білімдерін көрсетеді.	Тілдің грамматикасы, лексикасы туралы жақсы білімдерін көрсетеді және өз ойларын А2 /В1/ В2 деңгейлерінде білдіреді.	Тілдің грамматикасы, лексикасы туралы әлсіз білімдерін көрсетеді және өз ойларын А2 /В1/ В2 деңгейлерінде білдіреді.	Лексика-грамматиканың қалыптаспауы, сондай-ақ өз ойларын А2/В1/В2 деңгейлерінде білдіруді көрсетеді.
Жүйелік 1	6-сұрақ		25 балл	
	20-25	15-20	10-15	0-10
Грамматикалық дағдыларды дұрыс қолдана отырып, тұтас мәлімдеме жасай алады	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырым туралы өте жақсы білімді көрсетеді	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның жақсы білімін көрсетеді	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның әлсіз білімін көрсетеді	Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес тұтас тұжырымның қалыптаспауын көрсетеді

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы: $BC1+BC2+BC3+BC4+BC5+BC6=QB$

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = $\%1+\%2+\%3+\%4+\%5+\%6=QB$

мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,

К-критерийлердің жалпы саны.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАМУ АКАДЕМИЯСЫ